

«М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті»  
КЕ АҚ

# ДОКТОРАНТҚА АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА

8D053 – Физика-химия ғылымдары мамандарын даярлау бағытының 8D05311 – «Химия»  
білім беру бағдарламасы негізінде диссертациялық кеңес тарапынан дайындалған.

Тараз 2025

Егер Сіз диссертация қорғаудан өтуді жоспарласаңыз, өз әрекеттеріңіздің алгоритмін біліп алыңыз. Сізге қажет (!):

1. Диссертация бойынша презентация (слайдтар) дайындау.
2. Кафедраның кеңейтілген отырысында баяндама жасау.
3. Кафедраның оң қорытындысын алу.
4. Құжаттар пакетін дайындап, оларды диссертациялық кеңеске ұсыну.
5. Диссертацияңызды қорғау бойынша диссертациялық кеңес отырысын ұйымдастыруға қатысу.
6. Диссертациялық кеңесте диссертацияны қорғаудан өту.
7. Қорғау қорытындысы бойынша құжаттар пакетін дайындап, оларды Комитетке ұсыну.

Диссертацияңызды кафедраның кеңейтілген отырысында талқылаудан өткізу үшін:

- 1.Сіз диссертацияны қорғау ниетіңіз туралы кафедра меңгерушісіне хабарлайсыз.
- 2.Кафедра меңгерушісі қорғау күнін кемінде 1 ай бұрын белгілейді және диссертацияңызға (ғылыми дәрежесі бар) 2 рецензентті тағайындау туралы өкім шығарады.
- 3.Сіз рецензенттерге өкімді және диссертацияны (қажет болған жағдайда басқа да материалдарды) ұсынасыз.
- 4.Рецензенттер диссертацияңызды бағалап, рецензиялар дайындайды.
- 5.Белгіленген күні кафедра отырысында диссертация бойынша баяндама жасайсыз.
- 6.Сәтті өткен жағдайда кафедраның оң қорытындысын аласыз.

Диссертацияны диссертациялық кеңеске ұсыну үшін **Сіз университет ректорына диссертацияны диссертациялық кеңеске қабылдау туралы өтініш бересіз** (өтініш нысанын университеттің сайтынан жүктейсіз).

Диссертациялық кеңеске Сіз келесі құжаттарды тапсырасыз:

1. Отандық және шетелдік кеңесшілердің пікірлері;
2. Кафедраның кеңейтілген отырысының оң қорытындысы;
3. Түптелген диссертация және оның электрондық нұсқасы;
4. Ғылыми еңбектер тізімі және олардың көшірмелері;
5. Университеттің Этикалық кеңесінің қорытындысы.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы осы құжаттарды тіркеп, оларды 2 күн ішінде диссертациялық кеңеске ұсынады.

## Диссертациялық кеңес:


1. Қорғауға қабылдау үшін келіп түскен құжаттарды қарастырып, кеңестің тұрақты құрамымен отырыс өткізеді.
2. Қорғау күнін белгілейді (алдағы 3 айдың бір күніне).
3. Диссертация тақырыбы бойынша диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындайды.
4. Ғылыми дәрежесі бар 2 ресми рецензентті тағайындап, оларға диссертацияны жолдайды.
5. Университет сайтында алдағы қорғау туралы хабарландыруды және қажетті құжаттарды орналастырады.
6. Алдағы қорғау туралы хабарландыруды 5 күн ішінде Комитетке жолдайды.
7. Диссертацияны 10 күн ішінде плагиатқа тексеру үшін ҰҒТҒО-ға жібереді.

Диссертацияңыз қорғауға қабылданғаннан кейін **Сіз диссертациялық кеңеске қосымша** келесі құжаттарды ұсынасыз:

1. Диссертация аннотациясын қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде (жалпы көлемі 15 беттен аспайтын);
2. Диссертацияның соңғы нұсқасын (түптелген қағаз түрінде және электрондық түрде);
3. Қорғауға жіберу туралы бұйрықтың көшірмесін.

Университеттің сайтында диссертациялық кеңес келесілерді орналастырады:

- 1.Алдағы қорғау туралы хабарландыру (қорғауға дейін 1 ай бұрын);
- 2.Диссертацияның электрондық нұсқасы (қорғауға дейін 1 ай бұрын);
- 3.Диссертация аннотациясы 3 тілде (қорғауға дейін 1 ай бұрын);
- 4.Докторанттың жарияланымдар тізімі (қорғауға дейін 1 ай бұрын);
- 5.Ғылыми кеңесшілердің пікірлері (қорғауға дейін 1 ай бұрын);
- 6.Ресми рецензенттердің пікірлері (қорғауға дейін 5 күн бұрын);
- 7.Қорғау күні, уақыты, орнының өзгеруі және рецензенттерді ауыстыру туралы хабарландырулар (бар болған жағдайда);
- 8.Диссертация бойынша бейресми пікірлер (бар болған жағдайда).



(!) Диссертацияны жария қорғау интернет желісінде тікелей онлайн трансляция режимінде өткізіледі.

(!) Қорғауды бейнеконференция форматында (бетпе-бет қатысусыз) өткізуге рұқсат етіледі. Бұл жағдайда кеңес отырысы мен қатысушылардың сөз сөйлеулерінің бейне және аудио жазбасын интернетте үздіксіз трансляциялау, кеңес отырысына қатысушылардың барлығын визуалды сәйкестендіру, сондай-ақ кеңес мүшелерінің жасырын дауыс беру рәсімін қамтамасыз ету қажет.

(!) Диссертациялық кеңес отырысына оның мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі қатысуы тиіс.

Қорғау күні Сізге (диссертациялық кеңестің ғалым хатшысымен бірге) келесілер ұсынылады:

- диссертациялық кеңес отырысы өтетін залды алдын ала дайындау (ашу, желдету, қажетті техникалық құралдармен және интернетпен қамтамасыз ету);
- интерактивті тақтаның, мониторлардың, бейнекамералардың, динамиктердің, құлаққаптардың, микрофондардың, басқару пультінің және басқа да техникалардың жұмысқа жарамдылығын тексеру;
- отырысқа қатысушылар мен келушілердің жұмыс орындарын дайындау;
- диссертация презентациясын компьютерге жүктеп, оның дұрыс жұмыс істеуін тексеру.

Диссертациялық кеңестің жұмыс тәртібі және қорғау рәсімдері туралы толық ақпаратты ДКЕ \_\_\_\_\_ ««Дулати университеті» КЕАҚ диссертациялық кеңесі туралы ереже» құжатынан (университеттің сайтында қолжетімді) алуға болады.

Қорғауды онлайн режимде өткізу тәртібі ЖН \_\_\_\_\_ «Диссертациялық кеңес отырысын бейнеконференция форматында өткізу жөніндегі жұмыс нұсқаулығында» баяндалған (университеттің сайтында қолжетімді).

**Сәттілік тілейміз!**